

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті**
**Педагогикалық бағыттағы Академиялық комитет төрағалары мен
мүшелері бірлескен мәжілісінің**
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

28.01.2026ж.

Қатысқандар: Педагогикалық бағыттағы Академиялық комитет төрағалары мен мүшелері, педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын (ББ) жүзеге асырушы факультет декандары және кафедра меңгерушілері, Академиялық департамент директоры, бөлім басшылары мен әдіскерлері.

Күн тәртібінде

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 14.10.2025 ж. №14-0/4036 хаты (министрлік сұрауы) және Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының «Астана қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету қызметінің тиімділігін және жағдай жасау деңгейін талдау» атты сараптамалық-талдамалық іс-шара қорытындысы негізінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын жаңарту қажеттілігі туралы:

«Аутистік спектрлік бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу негіздері», «АСБ бойынша халықаралық жұмыс әдістемелері (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)», «Мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ бойынша ерте араласу» мазмұнын оқу модульдері/курстар немесе пәнішілік тақырыптық блоктар ретінде енгізу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз кезегін алған Академиялық департамент директоры А.Бостанова Комитеттің жоғарыда аталған хатында және Тексеру комиссиясының қорытындысында мектепке дейінгі және басқада білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің тиімділігі мен жағдай жасау деңгейі талданғаны, соның нәтижесінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту қажеттілігі көрсетілгені туралы баяндады.

Ол сөзінде қолданбалы дайындықты күшейту мақсатында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына «Аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу негіздері», «АСБ бойынша халықаралық жұмыс әдістемелері (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» және «Мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ бойынша



ерте араласу» тақырыптары бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін атап өтті:

Аталған мәселе бойынша жаңа пән енгізбей, педагогикалық компонент пәндерінің, нақты «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің және кәсіптік практика бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы шешуді ұсынды. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы», «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты мен педагогикалық бағыттағы басқа ББ жас ерекшеліктеріне байланысты «Инклюзивті білім беру ортасы» пәніне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудар да әртүрлі деңгейде болатындықтан, аталған мәселені бірлесіп талдап, ортақ шешім қабылдауды ұсынды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

А) Сөз кезегін алған Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша АҚ төрағасы, п.ғ.к., доцент А.А.Жумадуллаева «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің қолданыстағы силлабусын талдау нәтижесінде АСБ-ға қатысты қолданбалы мазмұнның (ерте араласу, халықаралық әдістемелер, сүйемелдеу технологиялары) жеткіліксіз қамтылғанын айтты.

Олқылықтарды жою үшін пән силлабусына «АСБ бар балаларды мектепке дейінгі білім беру жағдайында сүйемелдеу» атты жеке модуль енгізуді және дәріс-практика-БӨЖ/ОБӨЖ құрылымын нақты тақырыптық блоктармен бекітуді ұсынды.

PhD, аға оқытушы Г.П.Мейрбекова ұсынылатын өзгерістер пәннің оқыту нәтижелеріне, бағалау критерийлеріне және білім алушының практикалық құзыреттеріне тікелей байланыстырылып рәсімделуі тиіс екенін айтты. Модуль құрамына ЖДБ (жеке дамыту бағдарламасы) құрастыру, педагогикалық кейстерді талдау, инклюзивті топтағы әрекет алгоритмдері енгізілуі қажет деп ұсынды.

Аға оқытушы Халилаева Элмира Жақанқызы: балабақша жағдайында АСБ бар балалармен жұмыс жүргізудің өзегі – коммуникацияны дамыту, ойын арқылы әлеуметтендіру, сенсорлық ерекшелікті ескере отырып ортаны бейімдеу екенін атап өттіп, АВА, PECS, TEACCH және сенсорлық интеграция әдістерін тек теориялық түсіндірумен шектемей, нақты практикалық жаттығулармен бекіту ұсынылу керек деген пікір білдірді.

Жұмыс беруші өкіл, «Алия» балабақша меңгерушісі С.М.Есетова мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ белгілері бар балалардың санының артуына байланысты тәрбиешілердің АСБ-ны ерте анықтау, ата-анамен серіктестік, мамандармен (психолог, дефектолог) үйлестіру және жеке қолдау жоспарын іске асыру дағдыларын меңгерген маман қажет екенін айта келе, ұсынылған модульдерді енгізуді толық қолдайтынын жеткізді.

Білім алушылар: М.Б.Орынбасар және С.А.Абдурахманова модульдердің енгізілуі кәсіби практикада қажет болатын нақты дағдыларды қалыптастыратынын, әсіресе ЖДБ құрастыру, педагогикалық жағдаяттарды шешу, инклюзивті топтағы жұмысты жоспарлау тұрғысынан маңызды екенін айттып өтті.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағытындағы АҚ мүшелері талдау нәтижесінде «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінде АСБ мәселелері пәнде жалпы қамтылғанымен, АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция және мектепке дейінгі ұйымдарда ерте араласу тақырыптары жеке модуль ретінде нақты көрсетілмегені анықтады. Пән мазмұнын және практика бағдарламаларын ұсынылған қолданбалы тақырыптармен толықтыру қажеттілігін айта келе, «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің мазмұнына төмендегідей толықтырулар ұсынды:

А) «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағыты бойынша

Инклюзивті білім беру ортасы
Дәріс 1. Инклюзивті білім беру ортасының теориялық негіздері
Практикалық сабақ 1. Инклюзивті білім берудің тұжырымдамасы мен негізгі қағидалары
БӨЖ 1. Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Практикалық сабақ 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Дәріс 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мемлекеттік қолдау жүйесі
Практикалық сабақ 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау
Дәріс 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау
Практикалық сабақ 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайлар
БӨЖ 2. «Балалар үшін қауіпсіз және жайлы даму ортасын қамтамасыз ету – Виртуалды ақпарат іздеу (интернет және жергілікті желі арқылы) және жұмыс жоспарын әзірлеу»
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т. б. проблемалар) инклюзивті білім беру тәсілдерін қолдану
Практикалық сабақ 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен инклюзивті білім беру жағдайында дамыту әдістері
Дәріс 6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық бағалау
Практикалық сабақ 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогикалық қолдау
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 7. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
Практикалық сабақ 7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу: практикалық жағдаяттарды талдау
БӨЖ 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстармен жадынама дайындау
Дәріс 8. Өмірлік күрделі жағдайдағы (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т.б. проблемалар) мектеп жасына дейінгі балаларды инклюзивті білім беру тәсілдерімен дамыту
Практикалық сабақ 8. Өмірлік күрделі жағдайға тап болған мектеп жасына дейінгі

2017

балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
БӨЖ 4. Мүмкіндігі шектеулі мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (мамандардың қызметінің мазмұнын, лауазымдық міндеттерін талдау – баланың санатын еркін таңдау арқылы)
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 9-10. Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
Практикалық сабақ 9-10. АСБ бар мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін талдау
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 11. Аутистік спектрлік бұзылыстың теориялық негіздері және ерте жастағы көріністері (АСБ ұғымы, себептері, жіктелуі)
Практикалық сабақ 11. АСБ бар мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін бақылау және сипаттау
БӨЖ 5. АСБ бар мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуындағы негізгі қиындықтарды сипаттау (реферат)
ОБӨЖ – топтық жобалар (Аутистік спектрлік бұзылысты ерте анықтаудың диагностикалық белгілері)
Дәріс 12. Мектепке дейінгі жастағы АСБ бойынша халықаралық әдістемелер: АВА, PECS
Практикалық сабақ 12. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке дамыту бағдарламасын (ЖДБ) құрастыру
БӨЖ 6. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке дамыту бағдарламасының (ЖДБ) үлгісін әзірлеу
ОБӨЖ – топтық жобалар (Мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ бар балаларға арналған инклюзивті тәжірибелер)
Дәріс 13. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында АСБ бойынша халықаралық әдістемелер: TEACCH, сенсорлық интеграция
Практикалық сабақ 13. АСБ бар Мектеп жасына дейінгі балаларға коммуникацияны дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану әдістемесі
БӨЖ 7. Ойын әрекеті арқылы АСБ бар мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтенуін қолдау жолдары
ОБӨЖ – топтық жобалар (Ерте араласу бағдарламаларының тиімділігін талдау)
Дәріс 14. АСБ бар мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, коммуникативтік және ойын әрекетінің дамуы
Практикалық сабақ 14. Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті топтағы педагогикалық жағдаяттарды шешу
БӨЖ 8. Шетелдік тәжірибеде мектепке дейінгі жастағы АСБ бар балалармен жұмыс
ОБӨЖ – топтық жобалар (Педагог, дефектолог, психолог және ата-ана арасындағы өзара әрекеттестік)
Дәріс 15. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында АСБ бар баланы кешенді сүйемелдеу жүйесі
Практикалық сабақ 15. Мектепке дейінгі жастағы балаларды ойын арқылы оқыту, түзетедамыту жаттығуларын іріктеу
БӨЖ 9. АСБ бар баланың әлеуметтенуін қолдауда тәрбиешінің рөлі
ОБӨЖ – топтық презентациялар (АСБ бар баламен жұмыс жүргізудегі тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі)

Ә) Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша АҚ төрағасы, PhD, аға оқытушы Б.Н.Ауезов Бастауыш білім беру жағдайында АСБ бар оқушыларды оқыту мен сүйемелдеу педагогтің кәсіби даярлығында маңызды орын алатындығын айтты. Министрлік

сұрауына жауап ретінде білім беру бағдарламаларына қосымша модульдер енгізуді және пәндер силлабустарын жаңартуды қолдайтынын білдірді.

П.ғ.к., аға оқытушы А.К.Рысбекова «Инклюзивті білім беру ортасы» пәні мазмұнына АСБ-ның ғылыми-теориялық негіздері, кіші мектеп жасында АСБ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, инклюзивті бастауыш білім беруді қолдау және кешенді сүйемелдеу тақырыптарын модуль ретінде кіріктіру қажет екенін айтты.

Аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы осы пәннің практикалық сабақтарына қолданбалы бағыттағы тапсырмалар кешенін (мінез-құлықты талдау, ЖБМ құрастыру, оқу тапсырмаларын бейімдеу, әлеуметтік дағдыларды дамыту, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу) енгізуді ұсынды.

PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы ұсынылған мазмұн педагогикалық практикада қолдануға болатын нақты құралдармен толықтырылғанын, сондықтан бағдарламаны жаңарту сапасын арттыратынын айтты.

Жұмыс беруші өкілдер Р.К.Урумова және А.А.Ахилбекова Бастауыш білім беру жағдайында АСБ бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін, қарым-қатынас орнатудағы қиындықтарын ескере отырып оқу үдерісін арнайы ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Мұғалім - психолог - ата-ана өзара әрекеттестігін құру және тапсырмаларды бейімдеу дағдыларын қалыптастыратын модульдерді енгізуді қолдады.

«Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыттарындағы АК мүшелері талдау нәтижесінде «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінде АСБ мәселелері пәнде жалпы қамтылғанымен, АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты тақырыптар жеке модуль ретінде нақты көрсетілмегені анықтады. Пән мазмұнын және практика бағдарламаларын ұсынылған қолданбалы тақырыптармен толықтыру қажеттілігін айта келе, «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің мазмұнына төмендегідей толықтырулар ұсынды:

Ә) «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша.

Инклюзивті білім беру ортасы
Дәріс 1. Инклюзивті білім беру ортасының теориялық негіздері
Практикалық сабақ 1. Инклюзивті білім берудің тұжырымдамасы мен негізгі қағидалары
БӨЖ 1. Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Практикалық сабақ 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Дәріс 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мемлекеттік қолдау жүйесі
Практикалық сабақ 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балаларды қолдау
Дәріс 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау
Практикалық сабақ 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайлар
БӨЖ 2. «Мектептің барлық оқушылары үшін қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету – Виртуалды ақпарат іздеу (интернет және жергілікті желі арқылы) және жұмыс жоспарын әзірлеу»
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 5. Инклюзивті білім беру ортасында сабақты жоспарлау
Практикалық сабақ 5. Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, сыныпта сабақтың мақсаттарын айқындау
БӨЖ 3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру траекториясын жоспарлау
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 6. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу материалдарын бейімдеу
Практикалық сабақ 6. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту технологиялары
Дәріс 6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау
Дәріс 7. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау
Практикалық сабақ 7. Сабақта оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогикалық қолдау
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 8. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
Практикалық сабақ 8. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайлар
БӨЖ 4. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстармен жадынама дайындау
Дәріс 9. Өмірлік күрделі жағдайдағы (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т. б. проблемалар) балаларды инклюзивті білім беру тәсілдерімен оқыту
Практикалық сабақ 9. Өмірлік күрделі жағдайға тап болған оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
БӨЖ 5. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (мамандардың қызметінің мазмұнын, лауазымдық міндеттерін талдау – баланың санатын еркін таңдау арқылы)
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 10 Оқуда қиындықтары бар (дислексия, дисграфия, дискалькулия) оқушыларға инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қолдау көрсету
Практикалық сабақ 10. Жазу, оқу және санау қабілеті бұзылған оқушының сабағына кешенді қолдау көрсету – «Интеллект- карта» дайындау
Дәріс 11. Аутистік спектрлік бұзылыстың теориялық негіздері және ерте жастағы көріністері (АСБ-ның себептері, жіктелуі).
Практикалық сабақ 11. АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық ерекшеліктері
БӨЖ 6. Аутистік спектрлік бұзылыстың халықаралық және отандық диагностикалық критерийлерін анықтау
ОБӨЖ – АСБ бар бастауыш сынып оқушыларының оқуындағы негізгі қиындықтар (реферат)
Дәріс 12. Бастауыш мектеп жасындағы АСБ бар балалардың психологиялық-

2019

педагогикалық сипаттамасы
Практикалық сабақ 12. Бастауыш сыныпта жеке білім беру маршрутын (ЖБМ) құрастыру
БӨЖ 5. АСБ бар бастауыш сынып оқушыларына арналған сабақ жоспарының үлгісін жасау
Дәріс 13. Инклюзивті бастауыш білім беру жағдайындағы аутистік спектрлік бұзылыстар
Практикалық сабақ 13. Бастауыш сыныптағы аутистік спектрлік бұзылысы бар балаларға арнап оқу тапсырмаларын бейімдеу
БӨЖ 7. Инклюзивті бастауыш сыныптағы АСБ бар балаға арналған педагогикалық тапсырмалар кешенін даярлау
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 14. Бастауыш сыныпта АСБ бар оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері
Практикалық сабақ 14. АСБ бар бастауыш сынып жасындағы балалармен қарым-қатынас орнату және әлеуметтік дағдыларды дамыту жаттығулары
Дәріс 15. Бастауыш білім беруде АСБ бар балаларды кешенді сүйемелдеу
Практикалық сабақ 15. Бастауыш сыныптағы АСБ бар оқушылардың педагогикалық жағдаяттарды модельдеу

Б) Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АҚ мүшесі П.Искакова:

Пән мазмұнын жаңарту барысында жаңа тақырыптарды енгізумен қатар, практикаларға инклюзивті ортада жұмыс жүргізу, жоспарлау және ерекше білім қажет ететін балалармен жұмыс дағдыларын қалыптастыратын нақты тапсырмалар енгізу керектігін айтты.

Кафедра меңгерушісі, АҚ мүшесі А.Тасова АСБ бар балаларды қолдау – дербестік, коммуникация және әлеуметтік бейімделуді дамытатын кешенді жұмыс екенін айтты. «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің мазмұнына және кәсіптік практика бағдарламаларына толықтыру енгізуді, сондай-ақ оқытушылардың «АСБ бар балаларды қолдау және ерте араласудың қолданбалы әдістері» бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту қажеттігін ұсынды.

Педагогика және психология бағыты АҚ мүшелері талдау нәтижесінде «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінде АСБ мәселелері пәнде жалпы қамтылғанымен, АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция және мектепке дейінгі ұйымдарда ерте араласу тақырыптары жеке модуль ретінде нақты көрсетілмегені анықтады. Пән мазмұнын және практика бағдарламаларын ұсынылған қолданбалы тақырыптармен толықтыру қажеттілігін айта келе, «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің мазмұнына төмендегідей толықтырулар ұсынды:

Инклюзивті білім беру ортасы
Дәріс 1. Инклюзивті білім беру ортасының теориялық негіздері
Практикалық сабақ 1. Инклюзивті білім берудің тұжырымдамасы мен негізгі қағидалары
БӨЖ 1. Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі

Искакова

ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Практикалық сабақ 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы
Дәріс 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мемлекеттік қолдау жүйесі
Практикалық сабақ 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау
Дәріс 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау
Практикалық сабақ 4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайлар
БӨЖ 2. «Мектептің барлық оқушылары үшін қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету – Виртуалды ақпарат іздеу (интернет және жергілікті желі арқылы) және жұмыс жоспарын әзірлеу»
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т. б. проблемалар) инклюзивті білім беру тәсілдерімен оқыту
Практикалық сабақ 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу әдістері
Дәріс 6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық бағалау
Практикалық сабақ 6. Сабақта оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогикалық қолдау
ОБӨЖ – топтық презентациялар
Дәріс 7-8. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
Практикалық сабақ 7-8. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу: практикалық жағдаяттарды талдау
БӨЖ 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстармен жадынама дайындау
Дәріс 9-10. Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
Практикалық сабақ 9-10. АСБ бар балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін талдау
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 11. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде АСБ балалармен жұмысты ұйымдастыру тәсілдері.
Практикалық сабақ 11. Мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізу
Дәріс 12-13. АСБ бар балаларды оқытуда халықаралық әдістемелерді қолдану (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)
Практикалық сабақ 12-13. АСБ бар балалармен жұмыс жүргізуде халықаралық әдістемелерді қолдану тәжірибесі (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)
ОБӨЖ – топтық жобалар
Дәріс 14-15. Мектеп жасындағы АСБ бар балалармен жұмысты ұйымдастыру
Практикалық сабақ 14-15. Мектеп жасындағы АСБ бар балалармен жұмыс жүргізу: практикалық жағдаяттарды талдау
БӨЖ 4. АСБ бар балаларды оқытуда халықаралық тәжірибені талдау
ОБӨЖ – топтық презентациялар

2019

Сонымен қатар кәсіптік практика бағдарламаларына АСБ бар балалармен жұмыс дағдыларын қалыптастыратын оқу тапсырмалары және білім алушылардың жұмыс жүктемесіне толықтырулар енгізуді ұсынды.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Енгізілетін модульдер бойынша оқу нәтижелерін жаңарту және бағалау критерийлерін нақтылау ұсынылды.
2. «Инклюзивті білім беру ортасы» пәніне АСБ бойынша жеке модуль енгізу және практикалық сабақтарда кейс-тапсырмаларды күшейту ұсынылды.
3. Кәсіптік практика бағдарламаларына АСБ бар балалармен жұмыс дағдыларын қалыптастыратын тапсырмалар мен бақылау индикаторларын енгізу ұсынылды.
4. Оқытушылардың АСБ бойынша қолданбалы әдістер жөнінде біліктілігін арттыру қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМ:

1. Министрлік сұрауына жауап ретінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары мазмұнына төмендегі тақырыптармен толықтырулар енгізілсін:
 - «Аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу негіздері»;
 - «АСБ бойынша халықаралық жұмыс әдістемелері (АВА, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)»;
 - «Мектепке дейінгі ұйымдарда АСБ бойынша ерте араласу».
2. Аталған тақырыптар:
 - 2.1 «Инклюзивті білім беру ортасы» пәнінің силлабусына кадр даярлау бағыттары бойынша ББ ерекшеліктерін ескеріп, тақырыптық модуль/блок ретінде енгізілсін;
 - 2.2 Кәсіптік практика бағдарламаларына (оқу практикасы, педагогикалық практика, өндірістік-педагогикалық практика) АСБ бар балалармен жұмысқа бағытталған тапсырмалар мен бақылау көрсеткіштері қосылсын.
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бағыты бойынша «Инклюзивті білім беру ортасы» пәніне «АСБ бар балаларды мектепке дейінгі білім беру жағдайында сүйемелдеу» модулі енгізілсін (дәріс, практикалық сабақ, БӨЖ/ОБӨЖ мазмұнымен).
4. Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша (бастауыш білім беру контексті) пән мазмұнына АСБ бар оқушыларды оқыту және сүйемелдеу бойынша ұсынылған тақырыптар мен практикалық тапсырмалар енгізілсін.
5. Педагогика және психология бағыты бойынша пән мазмұны мен практика бағдарламалары Академиялық комитет ұсынысының талаптарына толық сәйкестендірілсін, бағалау критерийлері мен оқыту нәтижелері қайта қаралсын.
6. Жауапты тұлғалар:

- пән силлабустары, ББ өзгерістер мен толықтыруларын рәсімдеу – кафедра меңгерушілері, АҚ төрағалары;
- министрлікке ресми жауап хатын дайындау – Академиялық департамент директоры, АҚ төрағалары (бірлескен);
- өзгерістер пакетін (силлабус, пән кешені, практика бағдарламалары) бекітуге ұсыну – факультеттегі оқу-әдістемелік комитеттер.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдады: ____ Қарсы: 0 Қалыс: 0

Академиялық департамент директоры

А.Бостанова

Әдістемелік жұмысты
ұйымдастыру бөлім басшысы

Е.Шахабаев